

Азаматтарды міндетті медициналық сақтандыруды қаржыландырудың мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 наурыз N 369. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.01.29. N 70 қаулысымен.

"Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 маусымдағы N 2329 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асyру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 Заң күші бар Жарлығына сәйкес 1996 жылдың 1 қаңтарынан азаматтарды міндетті медициналық сақтандыруды қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін:

занды тұлғалар (Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбекақы қоры бөлігінде шетелдік қатысу бар занды тұлғалар мен шетелдік занды тұлғалардың өкілдіктерін қоса алғанда) міндетті медициналық сақтандыру төлемі мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға жұмсалатын қаржы сомасының 10 проценті мөлшерінде белгілінгені ескерілсін;

міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасын орындауды қаржыландырудың жан басына шаққанда орташа нормативтерін белгілеу тәртібіне сәйкес жергілікті атқарушы органдары үшін жұмыс істемейтін халыққа міндетті медициналық сақтандыру төлемдері белгіленсін.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1998.07.29. N 713

қ а у л ы с ы м е н

3. Қордың дирекциясына 1996 жылдың 1 сәуіріне дейін дайындық кезеңінде түскең қаржының 20 процентіне дейін есептеу жабдықтарын, ұйымдастыру техникасын және деректер беру жүйесін сатып алуға жұмсауға рұқсат берілсін.

4. 1996 жылдың 1 қаңтарынан Жезқазған облысының Денсаулық сақтау саласын реформалау және міндетті медициналық сақтандыру элементтерін жедел пысықтау жөніндегі эксперимент жалғастырылсын.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне, Қорға Үкіметтің құрамына кірмейтін басқа да мүдделі министрліктер, мемлекеттік комитеттер және орталық атқарушы органдармен келісіп Жезқазған облысының аумағында күші бар жоғарыда аталған мәселелер бойынша нормативтік

құжаттарды бекітуге рұқсат берілсін.

5. Қорға Қаржы министрлігімен, Денсаулық министрлігімен және Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісіп, Қормен шартты дербес жасайтын азаматтардың санаттары үшін сақтандыру полисінің құнын белгілеуге рұқсат берілсін.

6. "Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Міндетті медициналық сақтандыру қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 қыркүйектегі N 1295 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 31, 393-бап) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

atalған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры туралы Ережеге:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының міндеттері" 2-бөлімі мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Кордың материалдық-техникалық базасын нығайту және әлеуметтік бағдарламаларын жүзеге асыру жөніндегі шараларды қаржыландыру";

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының қаржысы" 4-бөлімі мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"бір тұрғынға есептелген қаржыландыру шығындарының үлестік салмағына сәйкес жұмыс істемейтін халық үшін бюджеттің қаржысы";

atalған қаулымен бекітілген Міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасындағы 6-тармақ алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі